

ӘОЖ 349.6 (045)

А.У. Усенбаева

Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.  
E-mail: usenbaeva2013@mail.ru

### Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысуы

Баяндамада Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысу басымдықтары қарастырылады. Автор баяндамада табиғатты пайдалану саласындағы халықаралық міндеттемелерді адал орындау қағидасын қарастырған. Сонымен қатар, төтенше экологиялық жағдайлар болғанда халықаралық көмек көрсету және өңірлік экологиялық мәселелерді шешу жолдарын талқылайды. Автор халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларын қолдану және орнықты даму саласындағы халықаралық бастамаларға қатысу басымдықтарын зерттейді.

**Түйін сөздер:** халықаралық ынтымақтастық, халықаралық келісімшарттар.

A.U. Usenbaeva

#### Theoretical questions of environmental harm

In this article are considered concept of ecological harm by the modern legislation of RK. An author in this article examines the rule of international obligation in industry of the use of natural resources. And also, an author analyses providing of help in the period of the extraordinarily ecological state in a region. An author investigates priorities of participation of rules and norms of international law in industry of steady development of international initiatives.

**Key words:** international contract, international relation.

А.У. Усенбаева

#### Теоретические вопросы понятия экологического вреда

В данной статье рассматривается понятие экологического вреда по современному законодательству РК. Автор в данной статье рассматривает правило международного обязательства в отрасли использования природных ресурсов. А также анализирует оказание помощи в период чрезвычайно экологического состояния в регионе. Исследует приоритеты участия правил и норм международного права в отрасли устойчивого развития международных инициатив.

**Ключевые слова:** международные договор, международное отношение, договор.

Жаһандық экологиялық мәселелерді шешу үшін, қоршаған ортаны қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мақсатында халықаралық қауымдастықтардың бірігуі, қоршаған ортаны қорғау аясында халықаралық экологиялық ұйымдардың қызмет атқаруы қажет. Мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау саласында тығыз ынтымақтастық орнатуы орынды.

Әлемдік қауымдастық экологиялық проблемаларды бірлесе шешуге орасан зор күш-жігер жұмсауда, Қазақстан да бұл процеске белсене қосылды. Қазақстан Республикасының Конституциясында халықаралық құқықтың жалпы мойындалған принциптері мен халықаралық келісімшарттардың Қазақстан Республикасының заңдары алдында басымдыққа ие екендігі айтылған. Қазақстан Республикасы халықаралық

қауымдастықтың толық құқылы мүшесі болды. Бүгінде Қазақстан қоршаған ортаны қорғау саласында басқа мемлекеттермен белсенді ынтымақтастық орнатқан [1, 291-291 бб.].

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастығы туралы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 27-тарау 188-бабында қарастырылған. Онда Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысу басымдықтарына ие екендігі көрсетілген. Атап кететін болсақ, адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғау; орнықты дамуға қол жеткізу; Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мүдделерін қорғау; трансшекаралық ластануларды болғызбау, оларды азайту және бақылау; еркін халықаралық сауда мен инвестицияларды экологиялық стандарттар мен талаптарды сақтау негізінде дамыту және қолдау басымдықтары айқындалған. Сонымен қатар, төтенше экологиялық жағдайлар болғанда халықаралық көмек көрсету, трансшекаралық және өңірлік экологиялық мәселелерді шешу үшін халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларын қолдану, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму саласындағы халықаралық бастамаларға қатысу басымдықтарына негізделеді. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың басым міндеттері жаһандық, трансшекаралық, өңірлік және екі жақты негізде шешіледі [2, 95-96 бб.].

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастығы халықаралық міндеттемелерді адал орындау қағидасына, мемлекеттердің өз табиғи ресурстарын игеруге деген егеменді құқығын құрметтеу қағидасына, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу қағидасына, басқа мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының юрисдикциясынан тысқары жатқан аудандардың қоршаған ортасына келтірілген залалдың алдын алу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін мемлекеттің жауапкершілігі қағидасына, қоршаған ортаны ластауға байланысты шығындар үшін ластаушының жауапкершілігі қағидасына негізделеді.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастығының экономикалық негізін халықаралық ұйымдарға

төленетін міндетті және ерікті жарналар құрайды. Соның негізінде халықаралық бағдарламаларды, форумдар мен өзге де халықаралық іс-шараларды қаржыландыруға қатысу болып табылады. Экологиялық құқық бұзушылықтар, шектес мемлекеттердің қоршаған ортасы мен табиғи ресурстарына келтірілген залал, халықаралық шарттардың міндеттемелерін сақтамағаны үшін халықаралық жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының ережелеріне сәйкес қолданылады.

Халықаралық шарттар қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың құқықтық нысаны ретінде болады. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы халықаралық шарттарды жасасу, орындау, өзгерту және тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар туралы заңнамасымен реттеледі.

ҚР Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы Қаулысымен қолдаған 2004-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің Тұжырымдамасына сәйкес, Қазақстан экологиялық әлсіз аумақты және шешілмеген экологиялық проблемалары бар мемлекет болып отыр.

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің Тұжырымдамасында аумақтық және ұлттық экологиялық проблемалардан бөлек, бірқатар жаһандық экологиялық проблемалар да көрсетілген, олардың ішінде: климаттың өзгеруі; озон қабатының бұзылуы; биологиялық әралуандылықты сақтау; шөлейттену және топырақтың тозу проблемалары белгіленген.

БҰҰ-ның толыққанды мүшесі бола отырып, Қазақстан жаһандық серіктестіктің негізінде мемлекеттік экологиялық саясатты тиімді жүргізудің кілті ретінде халықаралық ынтымақтастықты пайдалануы тиіс. Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа барған сайын таныла түскенін ескере отырып, 1992 жылы Рио-де-Жанейрода негізі салынған және 2002 жылы Йоханнесбургте өткен Дүниежүзілік саммитте расталған тұрақты даму қағидаттары халықаралық қатынастардағы ынтымақтастық пен серіктестік саясатының негізі болуы тиіс.

Осы саясаттың негізгі бағыттары:

- халықаралық келісімдердің ережелерін практикалық іске асыру;
- қоршаған ортаның сапасын бағалаудың және жай-күйін бақылаудың жалпы тәсілдерін, әдістерін, өлшемдері мен рәсімдерін әзірлеу;

- үйлестірілген іргелі және қолданбалы экологиялық зерттеулерді жүргізу;
- экологиялық қауіпсіздік проблемасын шешуде халықаралық тәжірибені пайдалану;
- қоршаған ортаны қорғау мен елдің тұрақты дамуы саласындағы нақты бағдарламалар мен жобаларды шешуге халықаралық ұйымдардың қаражатын тартуды жандандыру.

Мұндай саясатты практикалық іске асыру Қазақстанның дамуы мен қоғамдық құрылымының дамыған демократиялық мемлекеттермен үйлесімділігі үшін оған прогрессивтік қолдау табуға ықпал етуі тиіс.

Маңызды халықаралық экологиялық конвенцияларға және халықаралық деңгейде табиғат қорғау қызметіне республиканың неғұрлым кеңірек қатысуын қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық әзірленетін бағдарламаларда халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары және оларды іске асыру жөніндегі тиісті іс-шаралар белгіленуі тиіс.

Техникалық және өзге де көмекті алу оны тиімді пайдалануды талдаумен жүргізілуі тиіс. Тек қана ақпараттың жеткілікті көлемін қамтамасыз ету және жергілікті жағдайларды неғұрлым тереңірек түсіну үшін ғана емес, сонымен бірге, олар табиғат қорғау қызметін басқару жөніндегі дағдыларды игеруі үшін бірлескен жобаларға қатысуға жергілікті сарапшылар мен мекемелерді тарту қажет [3].

Қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты халықаралық мамандандырылған ұйымдардың қызметіне Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап қатыса бастады. Атап кететін жайт, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына 1992 жылы 2 наурызда мүше болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының арнайы сессиясында (Нью-Йорк, 1997) сөйлеген Н. Назарбаев экологиялық проблемалардың өзіндік кадастрын құру қажеттілігі туралы мәселе қойды. Әсіресе шикізаттық мемлекеттер мұндай кадастрларға өте мұқтаж [4].

Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен 2002 жылы 26.08.-04.09 аралығында Йоханисбургте (ОАР) өткен Қоршаған ортаны қорғау проблемаларына қатысты Бүкіләлемдік Сам-

митте Н.Ә. Назарбаев Жаһандық экологиялық проблемалар тізбесін құру және ұрпақтар үшін қажетті өмірлік ресурстарды сақтау үшін мемлекеттерге қоршаған ортаға қайтқысыз залал келтіруді тоқтату міндетін қоб қажеттілігі туралы бастама ұсынды. Бұл Саммитке қатысушылардың саны рекордтық көрсеткішке жеткен: жүзден астам мемлекетпен жетпіс мыңнан көп делегат қатысты [5].

Н.Ә. Назарбаевтың бұл ұсынысы 26.09.2007 жылы өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 62 сессиясында тағы қайталанды. Ол жерде сонымен қатар, Халықаралық Аралды құтқару қорына БҰҰ институты мәртебесін беру ұсынысы да айтылды.

Бүгінгі таңда Қазақстан қоршаған ортаны қорғау саласында, халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында мемлекеттермен халықаралық келісімшарттарға қол қойған немесе ратификациялаған конвенциялар жоғары деңгейде деп атап кетуге болады. Мысалы, Бүкіләлемдік метеорологиялық ұйым туралы Конвенция, Вашингтон (11.10.1947 ж.), 18.12.1992 ж. қосылды. Қоршаған ортаға әсер ету құралдарын әскери немесе өзге де дұшпандық мақсатта қолдануға тыйым салу туралы Конвенция, 1977 ж., 20.02.1995 ж. ратификацияланды. Ауаның үлкен қашықтықтарға трансшекаралық ластануы туралы Конвенция, 1979ж., 23.10.2003 ж. ратификацияланды. Сонымен қатар, Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау туралы Рамалық Конвенция, 2005 жылдың 13 желтоқсанында ратификацияланған болатын.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласында Ресей, АҚШ, Германия, Грузия, Түркия, Израиль, Өзбекстан, Қырғыстан, Әзірбайжан және тағы басқа көптеген мемлекеттер арасында келісімдер қабылданған. ТМД мемлекеттері 1992 жылы ақпанда экология және қоршаған ортаны қорғау саласында өзара әрекет ету туралы келісімге қол қойды.

Аталған салада халықаралық келісімдер болмаған кездері мемлекетаралық қатынастар халықаралық дәстүрлер негізінде реттелетін. Мойындалған дәстүрлердің бірі көршілес мемлекеттің қоршаған ортасына залал келтірмеу қағидасына негізделген.

#### Әдебиеттер

- 1 Күлтелеев С.Т., Рахметов Е.Ш. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы: Жалпы және Ерекше бөлім. Оқулық. – Алматы: HAS, 2008. – 328 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2012. – 172 б.

- 3 ҚР Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы Қаулысымен қолдаған 2004-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің Тұжырымдамасы.
- 4 «Новые походы к экологической уязвимости», 18 ақпан – 4 наурыз 1998. Эко. Курьер.
- 5 Н.Ә. Назарбаевтың Дүниежүзілік Йоханисбургте өткен Саммиттегі сөйлеген сөзі // Казахстанская правда 2002.04.09.

#### References

- 1 Kultelev S.T., Rahmetov E.Sh. Kazakstan Respublikasynyn jekologijalyk kukuqy: Zhalpy zhane Erekshe bolim. Okulyk. – Almaty: HAS, 2008. – 328 b.
- 2 Kazakstan Respublikasynyn Jekologijalyk kodeksi. – Almaty: JuRIST, 2012. – 172 b.
- 3 KR Prezidentinin 2003 zhylgy 3 zheltoksandagy Kaulysymen koldagan 2004-2015 zhyldarga arналган Kazakstan Respublikasynyn jekologijalyk kauiпsizdiginin Tuzhyrymdamasy.
- 4 «Novye pohody k jekologicheskoy uязvimosti», 18 ақпан – 4 наурыз 1998. Jeko. Kur'er.
- 5 N.A. Nazarbaevtyn Dyniezhuzilik Johanisburgte otken Sammittegi sojlegen sozi // Kazahstanskaja pravda 2002.04.09